

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
КЕЛЕС АУДАНЫ

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебі

**АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ
ХАТТАМАЛАРЫ**

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫ
ЖҮЗІМДІК АУЫЛЫ



**№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін
мектебінде 2023-2024 оқу жылына арналған ата-аналар жиналысының
жұмыс жоспары**

№	Іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Ата-аналар комитеті отырысы. 1.Ата-аналар комитетінің 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмыс есебі. 2.Ата-аналар комитетін қайта сайлау, жаңа оқу жылына жоспар бекіту. 3.«Мектепке жол» акциясы туралы. 4. Оқушылардың бірыңғай мектеп формасы туралы 5. Түрлі мәселе.	қыркүйек	Ата-аналар төрайымы Г.Калькенова ДТЖО К.Усенов Әлеуметтік педагог Ж.Айтымбетова Сынып жетекшілер
2	Ата-аналар комитеті отырысы 1. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен балалардың өз-өзіне қол жұмсауы және ұмтылуының алдын алу. 2. Балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу. 3. І тоқсан қорытындысы, оқу үлгерімі	қараша	Ата-аналар төрайымы Г.Калькенова Психолог Г.Жамалова Әлеуметтік педагог Ж.Айтымбетова К.Тилеуова Оқу ісінің меңгерушісі А.Дюсенова
3	Ата-аналар комитеті отырысы 1.ІІ тоқсан бойынша атқарылған жұмыс есебі. 2.9-11 сынып оқушыларының ата-аналарына кәсіби бағдар беру. 3.Сабақтан тыс іс-шаралар: спорттық секциялар, үйірме жұмыстары туралы. 4. Түрлі мәселелер	қаңтар	Ата-аналар төрайымы Г.Калькенова ДТЖО Г.Р.Есжанова Сынып жетекшілер Пән мұғалімдері Оқу ісінің меңгерушісі М.Сакибекова
4	Ата-аналар комитеті отырысы 1.«Компьютерге тәуелділіктің алдын алу» 2. «Мамандық таңдаудағы балалардың қызығушылығын қалыптастыруына отбасының рөлі» 1.Оқушылармен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда мектеп пен отбасы серіктестігі. 2. III тоқсан қорытындысы, оқу үлгерімі	наурыз	Ата-аналар төрайымы Г.Калькенова ДТЖО К.Усенов Оқу ісі меңгерушісі А.Дюсенова Сынып жетекшілер Пән мұғалімдері Оқу ісінің меңгерушісі М.Сакибекова
5	Ата-аналар комитеті отырысы 1.Ата-аналар комитеттерінің жылдық жұмыстарын қорытындылау.	мамыр	Ата-аналар төрайымы Г.Калькенова ДТЖО К.Усенов

	2. Оқушылардың жазғы сауықтыру лагерін ұйымдастыру. 3. Мектеп бітірушілердің ҰБТ-ға дайындығы 4. 2023-2024 оқу жылы бойынша оқу сапасының көрсеткіші		Оқу ісі меңгерушісі А.Дюсенов Әлеуметтік педагог Ж.Айтымбетова
--	--	--	---

Директордың тәрбие

ісі жөніндегі орынбасарлары:



К.Усенов

Р.Есжанова

**№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінде
өткізілген жалпы ата-аналар жиналысының
ХАТТАМАСЫ №1**

05.09.2023 жыл

Жүзімдік ауылы

Қатысқандар: Мектеп директоры – А.Камбарова, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары - К.Усенов, Р.Есжанова, жалпы ата-аналар, сынып жетекшілер.

Күн тәртібінде:

1. Ата-аналар комитетінің өткен оқу жылында атқарған жұмыс есебі.
2. Ата-аналар комитетін қайта сайлау, жаңа оқу жылына жоспар бекіту.
3. Оқушылардың бірыңғай мектеп формасы туралы
4. «Мектепке жол» акциясы туралы.
5. Түрлі мәселе

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі аталған мәселе бойынша мектептің ата-аналар комитетінің төрайымы Г.Калкенова сөз алып, өткен оқу жылындағы атқарылған жұмыстар жайлы өз есебін берді. Оқу жылында атқарылған жұмыстармен қатар қол жеткізген жетістіктер жайлы толық айтып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп директоры А.Камбарова ата-аналар комитетінің 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмыстарына өзінің ризашылығын білдіріп, жаңа оқу жылында мектептің ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау үшін дауысқа салды. Көптеген ата-аналар сөз алып, өз ойларын ортаға салды. Ә.Тұрымбетова, С.Актаева, М.Тенгизбаева, Г.Қошаевалар, Г.Калкенова апайымыздың атқарған жұмысына өздерінің оң бағасын беріп, ата-аналар комитетінің құрамына өзгерістер енгізіліп, комитет төрайымы етіп Г.Калкенова апайымызды қайта қалдыруды ұсынып, ата-аналар комитетінің алдағы уақыттағы жұмыстарына сәттілік тіледі. Сонымен бірге «Қамқоршылық кеңесінің» құрамымен таныстырып, білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту ҚР білім және ғылым Министрінің 2017 жылдың 27 шілдедегі №355 бұйрығымен таныстырып өтті. Сөз алған ата-аналар мектептің Қамқоршылық кеңесінің жұмысына өз бағаларын беріп, алдағы уақыттағы істеріне сәттілік тіледі.

Күн тәртібіндегі аталған мәселе бойынша мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Усенов Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14-қаңтардағы №26 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында міндетті мектеп формасына қойылатын талаптармен таныстырып өтті. Ата-аналар балаларына жақсы қарым-қатынас жасап, өз балаларына қамқор болуға шақырды. Түнгі мезгілде көшеге шығармау, сабаққа қатысу, жақсы оқу, мінтәліттерімізге қарсы қылықтардан аулақ болуды қадағалау керектігін ескертті. Оқушылардың жол қауіпсіздігі ережесі бойынша айлық жүріп жатқаны жайлы тәрбие орынбасары Р.Есжанова оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жұмыстар сынып жетекшілер тарапынан жүргізіліп жатқанын атап өтті. Әрбір бала «Жолда жүру ережесі» тақырыбындағы дәрісті мұқият

тындап, әр уақытта қорытынды жасап отыруы қажет. Үлгілі, тәртіпті бала көшеде жолда жүру ережесін бұзбайды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе «Мектепке жол» акциясы тамыздың айының бірінен қыркүйек айының 30 -шы жұлдызына дейін жалғасатынын атап өтті. Акция барысында демеушілер тарапынан күн көрісі төмен, жартылай жетім, көпбалалы отбасылардың 12 оқушы киім-кешекпен және оқу құралдарымен қамтамасыз етілді. Алдағы уақытта демеушілік жасаймын деген азаматтар болса есігіміз ашық - деп сөзін аяқтады.

Осы аталған мәселелерді тыңдау және ортаға салып талқылай келе төмендегідей шешім қабылдады.

Жиналыс қаулысы:

1. 2022-2023 оқу жылында ата-аналар комитетінің атқарған жұмыстары қанағаттанарлы деп танылсын.
2. Мектептің ата-аналар комитетінің құрамы төмендегіше қайта сайлансын.

Ата-аналар комитетінің төрайымы – Г.Калкенова

Комитет орынбасары – Ж.Ибраймов

Комитет мүшесі – Мария Мусабекова

Комитет мүшесі – Ақмарал Камбарова

Комитет мүшесі – Бибігүл Туленова

Комитет мүшесі – Ерік Абдраманов

Комитет мүшесі – Сабит Ботбаев

3. Мектеп оқушыларының бірыңғай мектеп формасына қойылатын талаптарды орындау жауапкершілігі ата-аналарға жүктелсін.
4. «Мектепке жол» акциясы бойынша жұмыстар қанағаттанарлық деп есептеліп, жұмысы жандандырылсын.

Мектеп директоры:

 **А.Камбарова**

Ата-аналар комитетінің төрайымы:

 **Г.Калкенова**

**Директордың тәрбие
ісі жөніндегі орынбасарлары:**

К.Усенов

 **Р.Есжанова**

Хатшы:

 **Г.Мухамедова**

№31 Ш.Уалиханов атындағы жалпы орта мектебінің
2023-2024 оқу жылындағы ата-аналар комитетінің құрамы туралы жалпы мәлімет.

№	Ата-аналар комитетінің мүшелерінің аты-жөні	Туған күні, айы, жылы	Мекен жайы	Жұмыс орны	Байланыс телефоны	Ата-аналар комитетіндегі міндеті
1	Калкенова Гүлжамал	29.12.1948 жыл	Жүзімдік ауылы	зейнеткер, жеке кәсіпкер	8778 552 57 07	комитет төрағасы
2	Ибраймов Жамал	05.02.1949 жыл	Жүзімдік ауылы	зейнеткер, ауыл төбе би	8702 747 58 43	комитет орынбасары
3	Мусабекова Мария Мырзабековна	08.03.1957 жыл	Жүзімдік ауылы	зейнеткер, жеке кәсіпкер	8705 489 15 19	комитет мүшесі
4	Камбаров Ақмарал	01.08.1987 жыл	Жүзімдік ауылы	мектеп директоры	8701 147 60 04	комитет мүшесі
5	Гүленова Ынбиғұл	09.02.1965 жыл	Жүзімдік ауылы	математика пәні мұғалімі	8702 396 59 63	комитет мүшесі
6	Абдраманов Ерік Асқарович	11.11.1969 жыл	Бакқонар елді мекені	жеке кәсіпкер	8775 475 84 84	комитет мүшесі
7	Ботбаев Сабит Сыдықович	22.04.1971 жыл	Жүзімдік ауылы	ауыл әкімі	8778 209 51 67	комитет мүшесі

Мектеп директоры



А.Камбарова

**№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Мектептің жалпы барлық ата-аналарымен өткізілген жиналыстың
ХАТТАМАСЫ**

04.09.2023 жыл

Жүзімдік ауылы

Қатысқандар:

Мектеп әкімшілігі, 1-11 сынып оқушыларының ата-аналары, 1-11 сынып жетекшілері, мектеп мұғалімдері, жалпы барлығы - 157 адам.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығына сәйкес орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасының талаптары туралы.
2. Мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасында экстремизм мен теріс діни ағымдардың алдын алу туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Жиналысты мектеп директоры А.Камбарова ашып, ол өз сөзінде мектептегі оқушылардың теріс ағымдарға түсіп кетпеуінің алдын алу және міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарының орындалуын бақылау мақсатында мектебімізде түрлі іс-шаралар өткізіліп жатқанын айтып, жиналысқа қатысушыларды Түркістан облысының «Дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 05.09.2022 жылғы №15/02-04/56 санды хаты мен Келес ауданының білім бөлімінің 07.09.2022 жылғы №805 хатымен көпшілікті таныстырды.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Усенов «Келес келбеті» аудандық қоғамдық-саяси газетінің 2020 жылдың 13 қаңтарда шыққан «Дін киім үлгісіне емес амал мен мазмұнға сүйенеді» атты мақаласын оқып шығып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығымен орта білім беру ұйымдарының білім алушылары үшін міндетті мектеп формасының талаптары бекітілгендігін ескертіп, мектеп формасында түрлі конфессиялардың діни киімдерінің элементтері болуына рұқсат берілмегенін айтты. Ол мектебімізде оқушылардың 90 пайызы мектеп формасын киетіндігі және оқушылар арасында хиджаб киген қыздар жоқ екенін, заң талаптарын кез келген адам орындауға міндетті екенін мәлімдеді.

Жарыссөзге ата-аналар тарапынан Ш.Парманов, Г.Калькенова, С.Ботбаевтар шығып, мақаладағы тақырып қазіргі таңда өзекті проблемаға айналғанын, мектеп қабырғасында хиджаб киюге рұқсат берілмеуі дұрыс шешім, өйткені мектептің ішкі тәртібі министрліктің бұйрығындағы талаптарды сақтау мақсатында жасалады және әлеуметтік теңсіздікті жоюдағы бірден бір дұрыс жол осы деп сөздерін қорытындылады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Жүзімдік ауылының имамы Ш.Омаров оқушыларды ислам дінінің қағидаларымен таныстырып, оларды діни жат ағымдардан сақтану жайлы түсіндіріп, оқушылардың басты міндеті – кітап оқып, білім алуға шақырды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөзге шыққан Жүзімдік ауылдық округінің әкімі С.Ботбаев қазіргі кездегі басты мақсат бүкіл әлемде ғасыр дертіне айналған діни экстремизм мен терроризмге қарсы және өз дініміздің тұрақтылығы жайлы айтып өтті. Қазір әлем елдері Қазақстанды дінаралық тұрақтылық пен татулықтың мекені ретінде бағалауда. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында орын алған, әлеуметтік, экономикалық қиындықтарға карамастан бізде діндераралық қақтығыстар, жанжалдар болған емес. Мұның барлығы да Мемлекет басшысы Қ.Ж.Тоқаевтың жүргізіп отырған сындарлы саясаты мен халқымыздың бабалар дәуірінен келе жатқан кең пейіл мінезінің арқасында деуге толық негіз бар. Ал, бұл нақтырақ айтқанда, мемлекеттік саясаттың түрлі діндер арасындағы қарым-қатынасты тиімді реттеудің нәтижесі екендігін көпшілікке жеткізді.

Кейіннен сөзге шыққан мектеп директоры А.Камбарова ислам дінінің тәрбиелік мәні жайлы айтты. Ислам дінінің тазалығы, мейірімділігі, адалдығы, қайырымдылығы туралы айтты. Қазіргі уақытта жақсы мен жаманды ажырата білу, дініміздің атын жамылып түрлі заңсыз әрекеттер істеп жүрген, тура жолдан адастыратын секталардан аулақ болуды түсіндіріп өтті. Мейлінше ата-анаға мейірімді болу, ата-ананың айтқанын істеу, жаман қылықтардан, басқа ағымдардың жетегіне ілінбей, өз дінімізді берік ұстап, жақсы білім алу біз жастардың басты мақсатына айналу керектігін айтты.

Аталған мәселе жайында сөз алған мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Усенов жиналғандарға діни экстремизм мен терроризм жайлы жалпы мағлұмат берді. Экстремизм - латынша шеткі, шектен тыс көзқарастар мен әрекеттерді ұстану, қоғамдағы тәртіп пен нормаларды жоққа шығару ретінде анықталады. Экстремизм бұл әр уақытта әр қалай көрініс беретін өте күрделі құбылыс. Елімізде қазіргі таңда «Хизб ут Тахрир», «Таблиғи жамағат» секілді тағы да басқа түрлі жат ұйымдар мен секталар көбейді. Олардың насихаттап жүргендері Конституциямызға қарсы уағыз. Олардың қоғам мен адамдарға келтіретін зияны жайлы айтты.

Жиналыс соңында педагог-психолог Г.Жамалова ата-аналармен өзара қарым-қатынасты жақсарту мақсатында психологиялық тренинг ұйымдастырды.

Жиналысқа қатысушылар күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жарыссөзге шыққан азаматтардың пікірлері мен ұсыныстарын бірауыздан толық қолдайтындықтарын білдірді.

ЖИНАЛЫС ҚАУЛЫСЫ:

1. Мектепте Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығы бойынша орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасының талаптары сақталсын.

2. Мектеп оқушылары арасында мектептің ішкі тәртіп ережесінің сақталуын (міндетті мектеп формасы, хиджаб кимеу, сабаққа кешікпеу, сабақтан себепсіз қалмау, т.б.) қадағалау және талап ету ата-аналар мен барлық сыныптардың жетекшілеріне тапсырылсын.
3. Мектептің барлық 1-11 сынып оқушыларына діни экстремизм мен теріс ағымдардың алдын алу мақсатында еліміздің егемендігіне, конституциялық құрылысына қарсы ланкестік, экстремистік ниет-пиғылдағы түрлі ұйымдар мен секталар туралы айтып, түсіндіру жұмыстарын жүргізу сынып жетекшілерге міндеттелсін.

Жиналыс төрайымы:

 **А.Камбарова**

Жиналыс хатшысы:

 **Р.Есжанова**



№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың
алдын-алу мақсатында 2023-2024 оқу жылындағы жұмыс жоспарына
сәйкес ата-аналармен өткізілген жиналыстың
ХАТТАМАСЫ

27.09.2023 жыл

Жүзімдік ауылы
Қатысқандар: 87 адам

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. «Мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы». *Хабарламашы: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Үсенов.*
2. «Мектеп оқушылары мен жасөспірімдерді діни экстремизм мен жат діни ағымдардан сақтандыру туралы». *Хабарламашы: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Есжанова.*
3. «Жасөспірімдер арасында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы». *Хабарламашы: педагог-психолог Г.Жамалова.*
4. «Кәмелетке толмаған балалар арасындағы түрлі құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы». *Хабарламашы: Келес АПБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы, полиция капитаны А.Интикбаева.*
5. Түрлі мәселелер.

ТЫНДАЛДЫ:

Жиналысты ашқан мектеп директоры А.Камбарова аудан көлемінде, соның ішінде №31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқық бұзушылықтың, оның ішінде зорлау сипаттағы қылмыстардың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында мектепішілік тәрбие жоспарына сәйкес жұмыстар атқарылып жатқандығын және алдағы уақытта да жыл көлемінде жүргізілетіндігін айтып сөзін бастады. Жиналысқа қатысушыларды А.Камбарова жиналыстың күн тәртібі мен мақсат, міндеттерімен таныстырып өтті. Ол сөз барысында Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Алайда бүгінгі таңда баланың денсаулығы мен өміріне қауіп әлі де жоғары. Соңғы кездері кәмелетке толмағандарға қатысты заңға қайшы іс-әрекеттер факторлары жиіленіп қетті. Жыл сайын көптеген балалар қылмыстардың құрбаны болуда. Оқу орындарында немесе оның маңайында болатын құқық бұзушылық алаңдатушылық тудыруда. Сонымен қатар қазіргі уақытта мектеп жасындағы балалардың көпшілігі бос уақыттарын ғаламторға, ұялы телефондардағы әртүрлі бағдарламаларға қараумен өткізетіндігін, ғаламтордағы жағымсыз жаналықтардың, бейнекөріністердің әсерінен баланың көзқарасы,

психологиясы өзгеріп, зорлық-зомбылық әрекеті мен құқық бұзушылық фактілері орын алып жатады. Сондықтан әлеуметтік желілер арқылы жағымсыз көп ақпараттардың тез тарайтынын, балаларының ұялы телефонында тыйым салынған сайттарға кіріп-шығу, қолдануын бақылап отыруға ата-аналар ерекше назар аударуларыңызды сұранамын деп сөзін аяқтады.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Усенов «Мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» тақырыбында ұлдар және қыздар тәрбиесі жайлы сөз қозғады. Жиналыс барысында ол кәмелетке толмаған балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында аудандық және мектепшілік түрлі тақырыптарда іс-шаралар өтіп жатқандығын және алдағы уақыттарда жүргізілетіндігін айтып өтті. Онда Бала құқығын бекітетін маңызды заңдарға «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы», «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» және тағы да басқа заңдар жатады. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу және оны болдырмау бағытында сынып жетекшімен тығыз байланыста болу, ата-анасыз (заңды өкілсіз) шықпауын, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексіндегі 442-1, 442-2 баптарында көрсетілген талаптарды орындап, түнгі сағат 22.00-ден таңғы 06.00-ге дейін ойын-сауық орындарына бармауын, үйден тыс жерде жалғыз жүрмеуін қадағалауды, жалпы балаларды күнделікті қадағалау керек. Ата-ана әрқашан мектеппен тығыз байланыста болып, балалардың қауіпсіздігін ата-аналар тарапынан қамтамасыз ету қажеттігін айтып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Есжанова «Мектеп оқушылары мен жасөспірімдерді діни экстремизм мен жат діни ағымдардан сақтандыру туралы» мәселеге тоқталды. Бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі - діни экстремизм мен жат діни ағымдар. Дін атын жамылып, кері пиғылды әрекеттерді жүзеге асырып отырған жат ағымдар қоғамдық санаға барынша еніп, адамдар арасында түсініспеушілік пен алауыздық тудыруы болашақ үшін қауіпті екенін атап өтті. Сондықтан баланың тәрбиесіне аса мән беру, баланың араласатын әлеуметтік ортасына, достарына назар аударуды, қыздар арасында хиджап киюі, ұлдардың мешітке баруы сияқты мәселелерді нақтылап айтты.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша, мектептің педагог-психологы Г.Жамалова «Жасөспірімдер арасында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» тақырыбында баяндама жасады. Қайсыбір дүниенің болмасын өз қолдану уақыты, мерзімі болады. Күн мен түнді ауыстырған жанның психикасы бұзылып, жүйке жүйесіне қысым келеді. Виртуалды өмірде жасаған әрекетін шынайы өмірде жасап қаншама бала қылмысқа

барған. Балалар үшін оның ата-анасы үлгі болғандықтан, олар ата-анасының іс-әрекетін жасауы заңдылық болып табылады. Таңның атысынан күннің батысына дейін телефонды құшақтап жүретін ата-ананың баласы қандай болмақ? Әлде, олармен жарыса желіні ақтарады ма? Көз майын тауысып, кітап оқиды ма? «Ұяда не көрсен, ұшканда соны ілерсін» дегендей отбасылардың барлығының жағдайы жақсы бола бермейді, кейбір сәтсіз отбасылар да болады, олармен тек түсіндіру шаралары арқылы ықпал ету жеткіліксіз болады. Бұл жағдайда қоғамдық ықпал мен құқықтық шаралар қолданған жөн. Елімізде көптеген тұрмыстық зорлық-зомбылықтың зардабына ұшыраған балалар да көптеп кездесіп жатыр. Ол сөз соңында мектепте педагог-психологтар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында «Ата-аналармен сауалнама» тақырыбында жұмыс жүргізіліп жатқандығын айтты.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша Келес АІБ ЖПҚ ЮПТ инспекторы полиция капитаны А.Интикбаева кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу және оны болдырмау туралы айтып өтіп, орын алған көптеген келеңсіз жағдайлар туралы фактілерді мысалға келтірді.

Жарыссөзге шыққан мектептің ата-аналар комитетінің төрағасы Г.Калькенова және «Әкелер кеңесінің» төрағасы Ш.Парманов – «Ұл тәрбиесі», «Қыз тәрбиесі» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыптарына қосымша бірқатар мәселелер туралы айтып өтті. Бала тәрбиесіне отбасы тәрбиесінің жауапкершілігін күшейту керектігін, алдағы уақытта қатты қолға алу керектігін айтты. Сондықтан барлығымыз жұмыла әрекет жасауымыз керек деп олар өз сөздерін түйіндеді.

Мектеп директоры А.Камбарова жиналысты қорытындылай келе, отбасылық құндылықтарды сақтауды, ата-ана мен бала арасындағы түсініспеушілікті болдырмауға, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда ата-аналар қауымдастығы мен мектеп әкімшілігін ынтымақтаса жұмыс жасауға шақырды.

ЖИНАЛЫС ҚАУЛЫСЫ:

1. Мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша барлық сыныптарда жүйелі жұмыстар жүргізілсін.
2. Мектепте оқушылар мен жасөспірімдер арасындағы діни экстремизмнің алдын алу және оларды жат діни ағымдардан сақтандыру бойынша алдын алу жұмыстары жүргізілсін.
3. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында мектеп пен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық жұмыстары күшейтілсін.
4. Балаларды тәрбиелеудегі отбасы тәрбиесінің, ата-аналардың жауапкершілігі арттырылсын.
5. Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқық бұзушылықтың, оның ішінде

зорлау сипатындағы қылмыстардың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында мектепшілік тәрбие жоспарына сәйкес жұмыстар жүйелі жүргізілсін.

Мектеп директоры:

 А.Камбарова

Мектеп директорының тәрбие

ісі жөніндегі орынбасарлары:


 К.Усенов

 Р.Есжанова


Педагог-психолог:

 Г.Жамалова

Ата-аналар комитетінің төрайымы:

 Г.Калькенова

Хатшы :

 Г.Мухамедова

**№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінде
өткізілген жалпы ата-аналар жиналысының
ХАТТАМАСЫ №3**

03.11.2023 жыл

Жүзімдік ауылы

Қатысқандар: Мектеп директоры – А.Камбарова, мектептің ата – аналар комитетінің төрайымы Г.Калкенова, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары - К.Усенов, Р.Есжанова, жалпы ата-аналар, сынып жетекшілер.

Күн тәртібінде:

1. «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен балалардың өз-өзіне қол жұмсауы және ұмтылуының алдын алу туралы» *Хабарламашы: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Усенов*
2. «Мектеп оқушыларының қауіпсіздігін ұйымдастыру балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» *Хабарламашы: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Есжанова*
3. «Жұкпалы аурулардың алдын алу туралы» *Хабарламашы: мектеп медбикесі Қ.Тілеуова*
4. «І тоқсан қорытындысы, оқу үлгерімі туралы» *Хабарламашы: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Дюсенова*

Тыңдалды:

Жиналысты мектеп директоры А.Камбарова ашып, бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу екенін айтып жиналыстың күн тәртібі мен мақсат, міндеттерімен таныстырып өтті.

Күн тәртібіндегі аталған мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Усенов құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында оқу жылының басынан бері мектепте атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Оқу жылының басында құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында жүргізілетін іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілген. Жоспарға сәйкес бекітілген іс-шаралар өткізіліп отырды. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында мектепте құқықтық тәрбие мен құқық бұзушылықтың алдын алу жөнінде кеңес жұмыс жасайды. Әр ай сайын кеңес отырысы болып өтеді. Кеңес төрайымы мектеп директоры және мектеп ұстаздарынан құралған. Бүгінде мектебімізде **спорттық үйірмелер** жұмыс істеп, мектептің **82%** оқушысы **спорттық үйірмелермен** қамтылып отыр.

Осы атқарылған жұмыстардың нәтижесінде кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық орын алған жоқ. Мектепішілік есепте екі оқушы есепте тұрады, аудандық ішкі істер бөлімінде тіркеуде тұрған бала жоқ.

Жалпы, құқық тәртібін бұзуға бейім балалар қайдан шығады? Жасыратыны жоқ, қоғамдық тәртіпті бұзған, қылмыс жасауға бейім, есепте тұратын балалардың басым бөлігі жайсыз отбасылардан шығады. Ал енді бір тобы кейбір ата-аналардың бала тағдырына алаңдамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс уақыттарында немен айналысып жүргендерін қадағаламауынан пайда болады. Сондықтан құқық

бұзушылыққа бейім оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізу керектігін айтып, «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деп атамыз қазақ айтқандай, бүтінгі жастар еліміздің болашағы деп сөзін аяқтады.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Есжанова мектеп жасындағы балалардың қауіпсіздігі басты мәселе екенін айтты. Ата-ана жұмысына кеткенде, баласын уайымдамай жүруі үшін мектептердегі қауіпсіздік шаралары сенімге селкеу түсірмеуі керек деп мектепте сыртқы және ішкі камералар жұмыс жасап тұр. Мектеп оқушыларына арналған арнайы қауіпсіздік ережелері бар. Осы ережелерді сақтау арқылы балалардың қауіпсіз болатындығын байқаймыз. Әсіресе мектептегі бастауыш сыныптардың қауіпсіздігіне ерекше мән беріледі. Өйткені, жоғары сынып оқушылары өздігінен түсініп, ұмытып кете қоймайды. Ал бастауыш сынып оқушыларының есінен шығып кетуі де мүмкін. Сол себептен сынып жетекшілер тікелей жауапты болып саналады. Мектеп басшылығы және сынып жетекшісі тәрбие сағаттарында арнайы уақыттар бөліп, түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Сонымен қатар ата-аналар жиналысында ата-анасының осындай қарапайым ережелерді ұрпағының ойына тоқытып, әрекет ету керек екендігін айтып, түрлі акциялар өткізу арқылы оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізілетінін айтып өтті. «Адам ұрпағымен мың жасайды» дегендей ұрпағымыздың тәрбиелі, білімді, парасатты болғанын қалаймыз. Жоғары сынып оқушылары арасында түсінбеушілік орын алмас үшін оқушылар арасындағы жағдай қандай екенін үнемі бақылауда ұсталатынын айтты.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша жұқпалы аурулардың алдын алу шаралары туралы мектеп медбикесі Қ.Тілеуова сөз алып, жұқпалы аурулардың алдын алу бойынша түсіндіріп өтті. Оқушылардың жеке басының гигиеналық тазалығына мән беру маңыздылығына тоқталып, қазіргі таңда қызылша ауруының өршіп тұрғанын ескертіп, жұқпалы аурулардан сақтанудың жолдарын атап өтті.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Дюсенова сөз алып, І тоқсан қорытындысы бойынша ата-аналарға ақпарат берді. Оқушылардың осы тоқсанда қол жеткізген жетістіктерін атап өтті. ҰБТ-ге өз уақытында дайындық жұмыстары жүргізіліп отырғанын сөзге тиек етті.

Қаулы:

1. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен балалардың өз-өзіне қол жұмсауы және ұмтылуының алдын алу жұмыстары жандандырылсын.
2. Мектеп оқушыларының қауіпсіздігін ұйымдастыру балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмысы жүйелі жүргізілсін.
3. Жұқпалы аурулардың алдын алу жұмыстары жандандырылсын.
4. І тоқсан қорытындысы, оқу үлгерімі қанағаттанарлық деп танылсын.

Мектеп директоры:

А.Камбарова

Ата-аналар комитетінің төрайымы

Г.Калкенова

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары:

К.Усенов

Р.Есжанова

Хатшы:

Г.Мухамедова

**№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінде
өткізілген жалпы ата-аналар жиналысының
ХАТТАМАСЫ №5**

12.01.2023 жыл

Жүзімдік ауылы

Қатысқандар:

Мектеп директоры – А.Камбарова, мектептің ата – аналар комитетінің төрайымы Г.Калкенова, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары - К.Усенов, Р.Есжанова, жалпы ата-аналар, сынып жетекшілер.

Күн тәртібінде:

1. II тоқсан бойынша атқарылған жұмыс есебі. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары /А.Дюсенова/
2. 9-11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру туралы. Мектептің кәсіптік бағдар берушісі /Г.Парымбетова/
3. Сабақтан тыс іс-шаралар: спорттық сексиялар, үйірме жұмыстары туралы. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары /К.Усенов/
4. Түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Мектеп директоры А.Камбарова жиналысты ашып, бүгінгі жиналыстың мақсаты және күн тәртібімен таныстырды.

Күн тәртібіндегі аталған мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Дюсенова II тоқсанның қорытындыс туралы жеке-жеке сыныптарға тоқталып, ата-аналарды оқушылардың білім көрсеткішімен таныстырып өтті. Сонымен бірге I жарты жылдықта оқушылардың қатысқан байқау және олимпиадалардан орын алған оқушылардың аттарын атап жалпы мектептің жетістіктеріне тоқталды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша мектептің кәсіби бағдар беруші Г.Парымбетова сөз алып, саналы түрде таңдалған мамандық жеке тұлғаның болашақ өміріне әсер етеді. Өз кәсібін дұрыс таңдай білген оқушы оған әр уақытта шығармашылықпен, жауапкершілікпен, қабілеті мен бейімділігі белгілі бір кәсіп саласына сай қалыптасқанда ғана сапалы маман болатынын айтты. Сол себепті қазіргі таңда мектеп оқушыларына кәсіби бағыт-бағдар, ақыл-кеңес беру мәселесіне аса назар аударғанымыз жөн.

Кәсіптік бағдар беру – қоғамның қажеттілігіне қарай әрбір оқушының қабілеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, кәсіпке қызығушылығын қалыптастыру мен болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға көмектесу мақсатында атқарылатын жұмыс. Осыған орай, бірқатар жұмыстар жүргізілді үнемі кездесулер ұйымдастырылады. Түрлі маман иелерімен «Жастардың терең білімі – жарқын болашақтың кепілі» атты кездесу болды. Қорыта айтқанда, жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі «Құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» деген ұстанымды әрбір мектеп түлектері жадынан шығармауы тиіс деп ойлаймын.

Бүгінгі оқушы – ертеңгі маман еліміздің дамуына үлес қосатынын ұмытпаған абзал.- деп сөзін аяқтады.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Усенов сабақтан тыс іс-шаралар: спорттық сексиялар, үйірме жұмыстары туралы айтып өтті. Мектепте оқушылардың құқық бұзушылықтың алдын алу және оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектепте үйірме сексиялары ұйымдастырылған. Атап айтқанда футбол, волейбол, шахмат, дзю-до. Мектептің 70% пайыз оқушылары үйірмемен қамтылған. Мектептің ақысыз үйірмелеріне қатысқан оқушыларымыз аудандық және облыстық жарыстарға барып жүлделі орындарға ие болғаны туралы толыққанды атап өтті. Күн тәртібіндегі түрлі мәселелерде ата-аналар өздерін ойландырып жүрген сұрақтарын ортаға салды.

Шешім:

1. II тоқсан бойынша атқарылған жұмыс есебі қанағаттарлық деп танылсын.
2. 9-11 сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмысы жалғастырылсын.
3. Сабақтан тыс іс-шаралар: спорттық сексиялар, үйірме жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.

Мектеп директоры:

А.Камбарова

Ата-аналар комитетінің төрайымы:

Г.Калкенова

Директордың тәрбие
ісі жөніндегі орынбасарлары:

К.Усенов

Р.Есжанова

Хатшы:

Г.Мухаммедова